# ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 9 (8998),
жұма, 8 наурыз
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




## ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!




***Мұсылман әлемінің ең бір қастерлі мерекесі - қасиетті Рамазан айының келуімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!***

***Қасиетті Рамазан айы баршаңызға мүбарак болсын!***

Рамазан - береке мен бірлік, кешірім мен мейірім және қайырымдылықтың айы, иманды күшейтіп, азаматтарымызды қайырымды іс жасауға, жақынына көмектесіп, мұқтаждарға қол ұшын беруге жігерлендіреді.

Рамазан айының негізгі ерекшелігі - адамдарды бауырмалдыққа, кішіпейілдікке, кешірімді болуға, сүйіспеншілікке шақырады. Бір ай бойы астан ғана емес, жат қылықтан тартындырып, сабыр мен төзімге тәрбиелейді.

***Құрметті жерлестер!***

***Қасиетті Рамазан айындағы баршаңыздың тілек-ниеттеріңіз қабыл болғай!***

***Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, баршаңызға жақсылық тілеймін.***

**Ескелді ауданының әкімі**
**Е АХМЕТОВ,**

## ЕЭК КЕҢЕСІ ЕЛІМІЗДІҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫ ҮШІН БІРҚАТАР ШИКІЗАТ ТАУАРЫН БАЖСЫЗ ӘКЕЛУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ



***ЕЭК Кеңесінің кезекті отырысында вице-премьер Серік Жұманғарин бастаған қазақстандық делегация өңдеу өнеркәсібі үшін шикізаттың жекелеген түрлерін Қазақстанға бажсыз әкелу рұқсатын ұзартты. Сондай-ақ осы жылдан бастап тарифтік жеңілдіктер периметріне елдің электр өнеркәсібіне қажетті тауарлар кірді.***

Қазақстанға титан диоксидін әкелуге 5% мөлшердегі бірыңғай кедендік тарифтің орнына нөлдік уақытша баж тағы 2 жылға ұзартылды. Бұл зат титан құймалары мен қорытпаларын өндіруде қолданылады. Қазақстанда оның жалғыз тұтынушысы – Өскемен титан-магний комбинаты. Әлемдегі ең ірі титан өндірушілерінің бірі АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және басқа елдерге әлемдік аэроғарыш саласының өндірушілері сертификаттаған өнімдерді экспорттайды.

Қазақстанда титан диоксиді өндірілмейді, Өскемен титан-магний комбинаты оны шетелдік жеткізушілерден сатып алады. 2022 жылы комбинат шикізатты пайдалануды 2021 жылмен салыстырғанда екі есеге арттырды. Бұл көрсеткіштер өседі деп күтілуде, өйткені бүгінде зауыттың жүктемесі қолда бар қуаттардың тек 32%-ын құрайды. Бес пайыздың орнына импорттық кедендік баждың нөлдік ставкасы дайын өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Отандық өндірушіні қолдаудың тағы бір шарасы – ЕЭК Кеңесінің титан сынықтарын әкелуге баждың нөлдік мөлшерлемесін қабылдауы. Оны шикізат ретінде пайдалану дайын өнімді шығаруды едәуір арттырады және арзандатады. 2022 жылы комбинат титан сынықтарын тұтынуды 2018 жылмен салыстырғанда 56%-ға арттырды. 2025-2026 жылдары әкелу көлемін 600 тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Трансформаторлар өндірісі үшін тауарлардың төрт түрін 2 жылға әкелу баждарын төлеуден босату елдің электротехникалық өнеркәсібін дамыту үшін үлкен көмек болады. Бүгінгі таңда алты қазақстандық зауыт электротехникалық өнімнің 300-ден астам түрін шығарады. Олардың өнімділігі жылына 32 мың дана өнімге жетеді, ал жүктеме қолда бар қуаттың 64%-ын құрайды. Кедендік бажды алып тастау түрінде жеңілдіктер беру отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жоғары дәрежеде өңделген экспортқа бағдарланған өнім шығару көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ елге сублимациялық сияны бажсыз әкелу екі жылға ұзартылады. Олар жеңіл өнеркәсіпте әртүрлі мақсатта суреттер басып шығару үшін қолданылады – ыдыс-аяқ, киім, кәдесый өнімдері және т.б. Сублимациялық сияға әлемдік сұраныс жыл сайын артып келеді, ол арзан және сапалы принтерлердің пайда болуымен және осы бизнестің танымалдылығының артуымен байланысты. Республикамызда осы өнім импортының көлемі 2020 жылғы 289,6 тоннадан 2022 жылы 394,4 тоннаға дейін өсті. Болжам бойынша суреттерді басып шығаруды қажет ететін өнімдер өндірісі жыл сайын 3%-ға өседі. Ал баждың нөлдік мөлшерлемесі бизнеске босатылған қаражатты негізгі капиталға бағыттауға және еңбекақы қорын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ЕЭК Кеңесінде кендір немесе басқа тоқыма талшықтарынан жасалған иірілген жіптерге, сондай-ақ оптикалық шыныдан жасалған шыбықтарға қатысты кедендік баждардың нөлдік мөлшерлемелерін белгілеу туралы шешім қабылданды.

**primeminister.kz**

## ТЫҒЫЗДЫҚ, ҚАБАТЫ, САПАЛЫ КӨГАЛДАНДЫРУ. ҚАЗАҚСТАНДА БІРЫҢҒАЙ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ САРАПТАМАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

***ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кезекті Үкімет отырысында қалаларды абаттандыру және көгалдандыру мәселесі қаралды. Тақырып бойынша өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Азамат Бейісбеков баяндама жасады.***

***Вице-министрдің айтуынша, Мемлекет басшысының тұрғындардың өмір сүруіне жайлы жағдай жасау туралы тапсырмасына сәйкес 2022 жылы министрлік «Қала құрылысын кешенді дамыту стандарты» әдістемелік құжатын әзірледі. Стандарт – жүйеленген құрылысты енгізу және тартымды, жайлы қоғамдық кеңістіктерді құру бойынша нұсқаулы. Құжат барлық жергілікті атқарушы органға қалалық аумақтарды дамыту мен ұйымдастыруды егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуге басшылық жасау үшін жіберілді.***

***Қолданыстағы заңнамаға сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары елді мекеннің бас жоспары негізінде әзірленуі тиіс. Алайда әкімдіктер өрескел заң бұзушылықтарға жол беріп отыр. Осындай бұзушылықтардың арасында бас жоспардан ауытқу бар егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын түзету, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларынан ауытқу бар бастапқы материалдарды беру, функционалдық аумақта және қоғамдық орындар аумақтарында, соның ішінде, саябақтарда, гүлзарларда, аллеяларда, спорт және балалар ойын алаңдарында көп қабатты тұрғын үй кешендерін салу, сондай-ақ ықшам аудандар мен шағын аудандардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен және абаттандырумен қамтамасыз етілмеуі бар.***

***Мысалы, Түркістан қаласының бас жоспарында саябақтарды, гүлзарларды, аллеяларды және ашық алаңдарды салу жоспарланған демалыс аймақтарында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен тұрғын үй және сауда кәсіпорындарын салу көзделген. Сол сияқты Семей қаласының орман саябақтары аумағында көп қабатты тұрғын үй құрылысы, білім беру объектілері және қоғамдық-іскерлік мекемелер қарастырылған.***



***«Мұндай ауытқулардың алдын алу үшін 2024 жылғы қаңтардан бастап бірыңғай қала құрылысы сараптамасы енгізілді. Бұл қала құрылысын жоспарлау кезеңінде сәулет-құрылыс нормаларынан ауытқуларды болдырмауға, оны бекіткенге дейін бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік береді», — деді өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі.***

***Сондай-ақ қалаларды абаттандыру мақсатында Жол картасының типтік нысаны әзірленіп, әкімдіктерге бекітуге жіберілді. Өз кезегінде әкімдіктер бекітілген Жол карталарын Үкіметке 2023 жылғы қарашада және 2024 жылғы ақпанда енгізді.***

***Бүгінгі таңда өңірлерде абаттандыру бойынша іс-шараларды іске асыру жұмыстары басталды. Мысалы, Алматы облысында өткен жылы Қонаев, Есік, Талғар қалаларында балалар мен спорт алаңдарын жайластыру бойынша жұмыстар жүргізілді, футбол алаңы салынды, бір жарым мыңнан астам ағаш отырғызылды, бағаналар орнатылды және елуден астам көшеде жарық жүргізілді.***

***«Биыл барлық өңірде аумақтарды абаттандыру жұмыстары жалғастырылатын болады. Қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Абаттандыру жұмыстары жергілікті бюджет және жеке инвестициялар есебінен жүргізіледі. Министрлік тарапынан Жол карталарының орындалуын бақылау қамтамасыз етілетін болады», — деді вице-министр Азамат Бейісбеков.***

***primeminister.kz***

## ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР! НӘЗІК ЖАНДЫ АРУЛАР!



***Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жыл сайын көктеммен бірге келетін тамаша күндерді бәріміз күтіп жүреміз.***

Адамзат тарихында, қазақ халқының арғы-бергі өмірінде ананың бақытын бәрінен биік қойған. Ақ жаулықты аналарымыз болса, еріне – тірек, ел бірлігіне – тұтқа болған. Көкжиектен тамыр тартқан, тарихи оқиғаларға зер салсақ, біздің қыздарымыз адалдық пен сұлулықтың, батырлық пен ерліктің өшпес өнегесін көрсеткен.

Халқымызда «Ананың ақ сүтін адал емген» деген қанатты сөз бар. Мұның мағынасы өте терең. Мазмұны жан-жақты. Жер бетіндегі тіршілік күннің көзінен нәр алса, адам баласы ананың сүтінен қуат алады.

Туған Отанына, сүйікті еліне адал еңбек ету, жеке тұлғалық қызметімен адамзат өркениетіне үлес қосу, адамгершілік қасиеттерімен құрметке бөлену - әрбір азаматтың арманы. Жақсылықты армандамайтын адам жоқ.

Бірақ, елдік арманға жету үшін көп ақыл, дарын, терең ой керек. Ал мұның бәрі ананың сүтімен келеді. Сондықтан, ананың ақ сүтін ақтау - өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің дамуына үлес қосумен айқындалады.

“Отан отбасынан басталады”, - дейді дана халқымыз. Ал, отбасының ұйытқысы, «Ақ бесіктің иесі, туған жердің киесі» - алтын жүрек аналарымыз біздің халқымыздың ең құнды қазынасы боп саналады.

Қазақ әйелдері қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына араласып, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, кәсіпкерлік пен өндіріс саласында да еңбек етіп келеді.

Ел алдында түрлі саланың қызметкерлері болғанымен, отбасында – аяулы жар, асыл ана, шаңырақтың шаттығы, отбасының ұйытқысы болып отырған баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

***Мерекелеріңіз құтты болсын!***

**Ескелді ауданының әкімі**
**Е АХМЕТОВ,**

## ДОРОГИЕ ЖЕНЩИНЫ!



***От всей души поздравляю вас с добрым и светлым праздником – Международным женским днем 8 марта!***

***Этот праздник совпадает с началом весны, когда оживает природа и все наполняется теплом, светом и новизной.***

***Ведь именно женщина и весна олицетворяют собой начало жизни, любовь и красоту. В сознании каждого из нас всегда были рядом, есть и будут неразрывны самые священные понятия – Мать, Родина, дом.***

***Уважение к женщине – одно из замечательных традиций нашего народа. Эти традиции еще больше укрепляются в современном демократическом обществе независимого Казахстана.***

***На протяжении всей нашей истории женщины были не только хранительницами домашнего очага, они наравне с мужчинами стойко переносили все лишения в жизни, ни в чем не отставая, а нередко и опережая их.***

***Сегодня многие женщины успешно возглавляют предприятия, крестьянские хозяйства, предпринимательские структуры, проявляя себя грамотными и талантливыми руководителями.***

***При этом успевают учить и воспитывать детей. Еще раз хочу отметить - нет такой отрасли, в которой бы ни трудились наши замечательные женщины.***

***И всюду они добиваются значительных успехов. Понимая и ценя роль женщин в обществе, государство старается всемерно и постоянно поддерживать их.***

***Аким Ескельдинского района***
***Е АХМЕТОВ***

# В ЗАЩИТУ БИЗНЕСА



**_В ходе расширенного заседания Правительства Глава государства объявил о запуске нового инвестиционного цикла. Как отметил Президент, проблемы с реализацией инвестпроектов особенно четко проявляются в регионах._**

Глава государства поручил обеспечить в стране благоприятный бизнес-климат, что послужит дополнительным стимулом для развития экономики.

В этой связи, внедрен «Прокурорский фильтр». Теперь любые запретительные решения госорганов, ограничивающие деятельность инвесторов, акты и решения налоговых органов о назначении проверок в деятельности инвесторов и другие функции подлежат согласованию с прокурорами.

Действующим законодательством в сфере государственного контроля и надзора определены единые принципы защиты прав и законных интересов субъектов бизнеса.

Наряду с этим введена новая форма проверки на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям и направленным уведомлениям.

Все новшества регламентированы главой 13 Предпринимательского Кодекса.

Необходимо отметить, что весь процесс учета и регистрации проверок оцифрован в информационной системе «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП), которая на стадии регистрации обеспечивает защиту бизнеса от незаконных проверок, а также прозрачность государственного контроля и надзора.

По всем интересующим вопросам, в том числе с обращениями о неправомерных действиях со стороны проверяющих госорганов, предприниматели могут обратиться в единый контакт-центр Генеральной прокуратуры (телефон - 115).

Также, любой предприниматель, к которому пришли с проверкой, может проверить регистрацию проверки на информационном портале Комитета «www.qamqor.gov.kz».

**Айдын БОЛАТОВИЧ,**
**Начальник ДКПСиСУ ГП РК по области Жетісу**

# ГОСПРЕДПРИЯТИЮ «ЖЕТЫСУГАЗСЕРВИС» ВЫНЕСЕНО ПРЕДПИСАНИЕ ЗА НАРУШЕНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

**_В ходе регуляторной деятельности, Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан в Жетісу обнаружил нарушения антимонопольного законодательства со стороны государственного коммунального предприятия «ЖетысуГазСервис». Выявленные нарушения касаются осуществления видов деятельности, которые не были согласованы с антимонопольным органом, что противоречит нормам Предпринимательского кодекса Республики Казахстан._**

**_По законодательству, при любом расширении или изменении деятельности государственными предприятиями или юридическими лицами, в уставном капитале которых более пятидесяти процентов акций принадлежит государству, требуется получение одобрения от антимонопольного органа. Также, виды деятельности, которые могут осуществляться данными субъектами, должны быть утверждены Правительством Республики Казахстан._**

**_Однако деятельность, проводимая «ЖетысуГазСервисом», не соответствовала установленному перечню, одобренному Правительством РК постановлением от 28 декабря 2015 года №1095. Это нарушение потребовало немедленного реагирования со стороны Департамента._**

**_В результате, Департамент вынес предписание «ЖетысуГазСервису» с целью устранения выявленных нарушений антимонопольного законодательства. Предписание было своевременно исполнено предприятием, что свидетельствует о его стремлении к соблюдению действующих норм и правил в сфере защиты конкуренции._**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА МӘМС БОЙЫНША СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕККЕ 1,1 МЛРД ТЕҢГЕ БАҒЫТТАУ ЖОСПАРЛАНУДА

**_Жетісу облысы тұрғындарының жекелеген санаттары үшін шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекті қаржыландыру 11%-ға – 2023 жылғы 973 млн - 2024 жылы 1,1 млрд-қа артты._**

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры сіздер үшін ең өзекті сұрақтарды жинақтап, оларға жауап бермекші.

**_-МӘМС қаражаттары есебінен кім көмек ала алады?_**

Стоматологиялық көмек жоспарлы және шұғыл тәртіпте 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге көрсетіледі.

Шұғыл тәртіпте азаматтардың жекелеген санаттарына: ҰОС ардагерлеріне; 1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдар; атаулы әлеуметтік көмекті алушылар, жасы бойынша зейнеткерлер, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар, мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар балаға күтім жасаушы жұмыс істемейтін адамдар, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар.

-стоматологиялық көмекке не кіреді?

Жоспарлы стоматологиялық көмек – бұл ауыз қуысының, тіс пен қызыл иектің саулығын сақтау үшін операциялық емдеу болып табылады. Атап айтқанда, тұрақты тексерулер, профилактикалық процедуралар, тісжегіні емдеу, тіс өңезін және тіс тасын алу, химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу.

**_-Шұғыл стоматологиялық көмекке не кіреді?_**

Шұғыл стоматологиялық көмек амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде де, стационарлық жағдайда да көрсетілуі мүмкін. Бұған күрделі тісжегіні, пульпитті, периодонтитті, альвеолитті, невралгияны, невритті, стоматиттің өткір түрлерін емдеу, күрделі тісті жұлу, абсцессті ашу, одонтогендік жылауықты алып тастау, жоғарғы-төменгі жақ буынының қисаюын түзету, тістердің бөлінуін уақытша бекіту, қатерсіз өсінділер мен эпулисті алып тастау (жергілікті тітіркендіргіш факторлардың әсерінен пайда болатын ісік тәрізді өсінді). Еріннің, тілдің жүгеншігі пластикасының операциясы да МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Егер тексеру нәтижелері бойынша тіс дәрігері амбулаториялық жағдайда көмек көрсету мүмкін емес деген объективті шешім қабылдаса, ол науқастан бас тартуға және оны жедел жәрдем арқылы ауруханаға жіберуге құқылы. Жедел госпитализацияның көрсеткіштері созылмалы одонтогенді және неодонтогенді қабыну ауруларының жедел немесе өршуі немесе жақ-бет аймағының жарақаты, қан кету және шұғыл емдеуді қажет ететін шұғыл жағдайлар болып табылады.

**_-Ортодонтиялық көмекті МӘМС жаба ала ма?_**

Иә. ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес, ортодонтиялық көмек жақ-бет аумағының туа біткен патологиясы бар балаларға, тіс-жақ аномалияларының әртүрлі түрлері бар аз қамтылған отбасылардан шыққан 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға көрсетіледі. Атап айтқанда, жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға, сондай-ақ ортодонтиялық алмалы-салмалы аппаратты (ортодонтиялық пластина) пайдалана отырып, тіс-жақ ауытқуларын жою үшін аппаратты пайдалана отырып, сондай-ақ тіс-жақ ауытқуларының әртүрлі түрлері бар балаларға көрсетіледі.

**_-Қандай стоматологиялық клиникаларда МӘМС әрекет етеді және емхананың учаскелік дәрігерінен жолдама қажет пе?_**

Жоқ, емханадан жолдама талап етілмейді. Стоматологиялық көмекті емханалар жанындағы стоматологиялық кабинеттен де, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан жеке стоматологиялық клиникалардан да алуға болады. Өзекті тізбені Қордың fms.kz ресми сайтындағы «Медициналық қызметтерді сатып алу – КДҚ жеткізушілер» бөлімінен таба аласыздар https://fms.kz/zakupki/postavshchiki-kdu-uslug/. Сонымен қатар 1414 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына жүгінуге болады.

Айта кетейік, 1 ақпандағы жағдай бойынша МӘМС шеңберінде стоматологиялық көмек көрсететін 838 медициналық ұйыммен шарттар жасалды. Оның ішінде 519-ы – жекеменшік, 319-ы – мемлекеттік меншік нысаны, яғни емханалар мен ауруханалар.

**_-Егер рентгенография өту қажет болса, тістерді емдеуден бұрын дәрілік аллергияны немесе анестезияны болдырмау үшін аллергиялық сынама жасау керек болса, ол үшін МӘМС-тен төленеді ме?_**

Иә, егер бұл үшін медициналық көрсеткіш болса төленеді. Тіс дәрігерінен консультативтік парақ болған жағдайда тіркелген жері бойынша учаскелік дәрігер қосымша тексерулерге жолдама бере алады. МӘМС шеңберінде аппликациялық, өткізгіштік, инфильтрациялық анестезия төленеді.

Тісжегінің көптеген асқынулары бар 4 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің функционалды және органикалық зақымданулары, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (белгіленген мүгедектік) және басқа органдар мен жүйелердің зақымдануы, асқынулар мен ауырсыну қаупі бар медициналық көрсеткіштер бойынша санация «анестезиология және реаниматология» кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензияға қосымшасы және реанимациялық іс-шараларға арналған жағдайлар қарастырылған стоматологиялық ұйымдарда жасалатынын білу маңызды.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»**
**КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТТАРЫНА-30 ЖЫЛ



**_«» Қазақстан Республикасының Сайлау туралы «» Кодексіне сәйкес 1994 жылы 7 наурызда алғаш рет елімізде жергілікті билік органдарында, мәслихат жиналысында депуттаттар сайлауы жүргізілді және бұл күн мәслихат депутаттары құрылған күні деп есептеледі. Мен 8 - ші шақырылым бойынша Ескелді аудандық мәслихат депутатымын. Міне, биылғы жылы Қ. Р. Мәслихаттарының құрылғанына 30 - жыл толып отыр.._**

Ескелді аудандық мәслихат депутаттары осы мәслихаттардың құрылғанына 30 - жыл толуына байланысты көптеген әртүрлі іс - шараларды облыс, аудан көлемінде өткізіп, белсенділік танытуда.Қазақстан Республикасының Мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай, 30 игі шара ұйымдастыру бойынша, ауданымыздағы Қарабұлақ ауылындағы орталық мешітте салынып жатқан қатымхананың жылыту жүйесіне (пешіне) ауданымыздың депутаттары өз үлестерін қосып, игі іс атқарды. Қазақстан Республикасының Мәслихаттарының құрылғанына 30 - жыл толуына орай «Өзгеге өмір сыйла» акциясына Ескелді аудандық мәслихатының депутаттары да ат салысып, қаң құю орталығына барып қан тапсырды.

Ағымдағы жылдың 20 ақпан күні, Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай Жетісу облыстық спартакиада өтті.

Ескелді ауданының мәслихат депутаттары мен мәслихат аппаратының қызметкерлері белсенділік танытып, шағын футболдан екінші жүлделі орынға ие болып, жалпы командалық спорт түрлеріне қатысып, қаржылай сыйлық және алғыс хатпен марапатталды.Сонымен |қатар партиялық жоба бойынша жұмыстар атқарылуда.

«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Ескелді ауданының бірнеше нысандарына мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптасып, кез келген мекемелерге еркін кіріп – шығуына барлық мүмкіндіктер жасалуы тиіс.

Мүгедектердің қозғалысы үшін мекеменің көлік тұрақтары, пандус, бағыттаушы тактильді сары жолақтар, арнайы мекемеде құжат тапсыру бұрышы секілді орындардың бәрінің бекітілген талаптары заңдылыққа сәйкес болуы жайында Ескелді ауданының бірнеше нысандарына мониторинг жұмыстары жүргізілді.«Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында Қарабұлақ ауылындағы балаларға арналған ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етілуін бақылау мақсатында мониторинг жүргізілді.

Мұндағы мақсат - спорттық снарядтар мен дене шынықтыру жабдықтарын пайдалану кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.Ескелді аудандық мәслихат депутаттары аудан көлемінде өткізіп, атқарып жатқан игі істерге көмегін, ықпалын тигізіп жатыр, әліде алға қойған міндетіміз бен бағдарлама бойынша өз жұмысымызды жүзеге асыруда аянбай еңбек етеміз

**У ТОРТАЕВА,**
**Ескелді аудандық мәслихат депутаты**

# АНАЛИЗ КОНКУРЕНТНОЙ СРЕДЫ НА РЫНКЕ ДОМОФОННОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В ТАЛДЫКОРГАНЕ




**_Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу провел анализ конкуренции на рынке услуг по техническому обслуживанию домофонного оборудования в Талдыкоргане._**

**_Анализ показал, что за период второго полугодия 2022 года и первых 8 месяцев 2023 года цена абонентской платы за обслуживание домофонов оставалась неизменной и составляла 300 тенге в месяц. Компании, оказывающие эти услуги, ограничили для потребителей возможность выбора поставщиков услуг, установив единую стоимость обслуживания. Это привело к поддержанию фиксированных цен и нарушению законодательства РК по защите конкуренции._**

**_В результате Департаментом выявлены признаки согласованных действий этих компаний, запрещенных статьей 170 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, заключающихся в удержании цен на услуги._**

**_В связи с этим, Департамент направил уведомления о нарушении антиконкурентного законодательства, которые были исполнены субъектами рынка._**

# ТАМАҚТАН УЛАНУ,БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ




*2024 жылдың 28 ақпанында сағат 10.00-де Ескелді ауданы,Қарабұлақ ауылы,Оразбекова көшесі мекен-жайында орналасқан Ескелді аудандық кәсіпкерлер палатысында «Тамақтан улану ,ботулизмнің алдын алу» тақырыбында кеңес өткізілді.Кеңесте Ескелді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы- Е. Сейсембинов,Жеісу облысы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының Ескелді аудандық филиалының директоры-Т. Акимханович, Ескелді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы-Ә. Хайрбекұлы,Ескелді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы-Т.Сапарович және де қоғамдық тамақтандырумен айналысатын кәсіпкерлер қатысты.Кеңес сауда және тағам өнеркәсібі арасында Тамақтан уланудың , ботулизмнің алдын алу мақсатында өткізілді.*

# ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ ЛАВИН

***Лавина - это огромная масса снега, несущаяся со склонов гор. Обладая высокой мощью, данное природное явление способно наносить серьёзные разрушения, порою даже уничтожая здания, располагающиеся у подножия гор. Хотя куда опаснее данное явление для альпинистов, лыжников и других людей, находящихся на склоне горы во время снежной лавины.***



**Причины лавин**

Снежные лавины возникают по той причине, что на склонах гор со временем накапливаются большие массы снега. Особенно много его собирается на склонах, обладающих наклоном 25—45°. Избежать этого невозможно, поскольку выпадение осадков является естественным природным процессом. И людям лишь остаётся либо самим провоцировать лавину, либо предсказывать её сход, запрещая на это время посещение склона. В некоторых случаях предсказать сход лавины удаётся довольно точно, поскольку существуют причины, провоцирующие это явление.

- Обильный снегопад, увеличивающий количество снега на склоне до критической отметки.
- Увеличение влажности воздуха, делающее снег более тяжёлым.
- Резкое изменение погоды. К примеру, сильные колебания температуры или перепады атмосферного давления.
- Сильные механические воздействия. Такие как камнепад или землетрясение.
- В некоторых случаях лавину провоцирует и слабые воздействия: человек или громкий звук, вроде выстрела.

**Последствия снежных лавин**

Иногда на склонах гор могут скапливаться очень уж большие массы снега. Срываясь вниз, они способны наносить гораздо большие разрушения, чем обычно. Такие мощные лавины могут даже разрушать поселения, находящиеся у подножия гор. К счастью, происходит это довольно редко.

Куда чаще жертвами снежных лавин являются альпинисты, горнолыжники, сноубордисты и другие люди, оказавшиеся на склоне горы в неподходящий момент. И хоть шансы выжить у них есть, они не очень велики. При первом ударе снежный поток способен переломать кости в организме, многие погибают сразу же. А людей, переживших такую встречу со снегом, может просто засыпать, погребая на внушительных глубинах. Чаще всего именно это и происходит, причём дыхательные пути в таких случаях могут забиваться снегом, из-за чего потерпевшие погибают от удушья. Ну а всем, кому посчастливилось дожить до этого момента, остаётся лежать под огромными массами снега, надеясь, что их каким-то чудом отыщут, ведь сами они выбраться не смогут.

Хоть количество жертв данного явления не слишком велико, назвать его безобидным никак нельзя. В горах снежная лавина - самое опасное природное явление.

**В ШАРУТИН,**
**Лесник**
**Коксуское лесничество**

# УЛЫ ГАЗДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Улы газ –өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамның қиын жағдайға әкелуі мүмкін, кейде өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ, ал ол жану процесі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар болады.

Әдетте, түн шықтырғыш газбен улану ақаулы жұмыс пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде басталады.

Тыныс алу кезінде ағзаға түсу, ол өкпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады және дене өте тез оның жетіспеушілігін бастан бастайды.Бірінші кезекте ми зардап шегеді, бірақ зақымдану мүмкін басқа да ағзалар – жалпы денсаулық жағдайына байланысты.

***Есіңізде болсын!***

Улы газ қауіпті, ол тез және байқаусыз әрекет етеді, сондықтан өмір мен денсаулық қабылданған шаралардың жылдамдығына байланысты, Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

**Ж ҚҰМАРБАЕВ,**
**Ескелді ауданы ТЖБ**
**бас маманы**
**азаматтық қорғаумайоры**

# ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ

*Улы газбен улану жағдайларына негізгі себепкер болатын өрт қауіпсіздік талаптарын орындалмауынан газ және газ жабдықтарының бұзылған жағдайында пайдалануы (бітелген түтін, жану және пештің конструкцияларындағы жарықтар). Алайда, улану фактілерінің барлығы азаматтардың жылытатын құрылғыларға (өрт қауіпсіздігі талаптары мен дұрыс жұмыс жасалмауы) немқұрайлы қарауымен байланысты, зардап шеккендердің санын көбейеді және көбінесе адамдар өздері емес, отбасыларын, балалар зардаптарын шегеді. Сондықтан, Жетісу облысының тұрғындар арасында улану фактілерін болдырмау үшін қарапайым ережелерін сақталуы керек:*

*- электр жылытқыштар мен пештерді жылыту құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша қарапайым шараларды сақтау;*

*- үйдегі пештерді тексеру және жөндеу; - жиналған күлден үнемі тазартқыштар мен пештерді тазалау;*

*- жеткілікті білімі, дағдылары мен құралдары жоқ жанармай шығаратын қондырғыларды орнатпаңыз немесе қолданбаңыз;*

*- үйде, шатырда, машинада немесе гаражда көмірді жағуға болмайды;*

*- жабық бөлмеде немесе ұйықтайтын бөлмеде желдеткіш жоқ газ құрылғыларын пайдаланбаңыз;*

*- бөлмені қыздыру үшін газ плитасын, пешті немесе кептіргішті қолданбаңыз.*

**Қ. ӘШІМОВ**
**Ескелді ауданының ТЖБ**
**аға инженері**

# ЖЕМҚОРЛЫҚ -ЖАҒЫМСЫЗ ӘДЕТ



*Сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда көптеген елдерде кеңінен белең алып, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Ал осы көріністерді туындатқан салалар мемлекеттік үдерістің қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ мемлекет билігінң беделіне де нұсқан келтіреді. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін пайдаланып, жеке өзі артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді.*

*Мемлекетіміздің қазіргі даму жағдайына Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының қылмыспен күресті күшейтудің қосымша шаралары және құқық қорғаушылық қызметті одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығын қабылдауының маңызы зор. Мемлекеттік қызметкердің өзіне белгілі болған сыбайластық құқық бұзушылық оқиғалары туралы хабарлау міндеті енгізіліп, сыбайластыққа қарсы әрекет шаралары жасалған. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізу тиіс.*

*Сондықтан, қоғамымызға орасан кесел келтіретін сыбайлас жемқорлықпен көп болып алдын алу шараларын атқарайық.*

**Н. ЖАҚСЫБАЕВ,**
**Аудандық ТЖБ бастығы**

# БЕРЕГИТЕ ЖИЗНЬ ДЕТЕЙ!

*Много пожаров происходит из-за шалости с огнем, об этом в первую очередь следует помнить родителями.*

*Своим примером они должны учить детей строгому выполнению противопожарных требования, так как пример старших является лучшим методом воспитания.*

*Однако подчас получается иначе:*

*Родители, забывая о том, что дети проявляют большой интерес к огню, превратив спичку в игрушку. Чтобы успокоить ребенка, дают ему не погремушку, а коробок спичек с этикеткой «Прячьте спички от детей».*

*Лучше преодоление дурных привычек у детей трудовое воспитание. Но надо помнить, что нельзя давать детям слишком большое для их возраста поручения: топить, разжигать керогаз, включать в сеть электроприборы. Выполняя эти поручения, дети невольно становятся невольниками пожара. Прежде чем оставить ребенка дома одного, нужно проверить, спрятаны ли спички, выключены ли из электросети электроприборы, погас ли огонь в печке. С огнем любят играть не только маленькие дети, но и ребята по старше, школьного возраста. Некоторые курят тайком от родителей, разжигают костры, стреляют из самодельных пугачей, используя порох или головки спичек. Нередко родители в коем случае нельзя. В случае пожара, дети не могут выйти из горящего помещения, оказать помощь им трудно, а порой невозможно.*

*Граждане района, берегите жизнь детей!*

**К. АШИМОВ,**
**Старший инженер ОЧС**
**Ескелдинского района**

# ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



*Қазіргі кезде өрттің қайғылы жағдайларға әкеп соғатынын әрбір азамат білуі керек. Ол үшін өрт болған жағдайларда бірінші кезекте 101 телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек. Өрттің қай жерде жанып жатқанын, мекен жайын толық хабарлау керек. Осыдан кейін адамдарға құтқару бірінші кезектегі жұмыс және жедел қолдағы бар мүмкіндікпен өртті өшіруге кірісу керек. Мысалы шелекпен су тасу, құм себу тағы басқадай шаралар жасалынады. Егер өрт үй жануарлары қамалған қорада болса, ең алдымен қорадағы малды шығаруға әрекет жасау керек.*

*Содан кейін өртті сөндіруге кіріскен абзал. Көбінесе азаматтар өрт сөндіру бөліміне кештетіп хабар береді, немесе өрт жайлы хабарлаған кезде мекен жайларын толық айтпай телефон тұтқасын тастай салады. Осының барлығы өрт сөндіру бөлімінің жұмыстары күрделендіре түседі. Егер хабар дер кезінде түспесе өрттің арты үлкен апатқа, адам шығынына да әкеп соғады. Өртті болдырмаудың басты себебі әрбір азаматтың өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң есте ұстау болып отыр.*

**Қ. ӘШІМОВ**
**Ескелді ауданының**
**ТЖБ аға инженері**

# ӘЛЕМНІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ!

*Қай жерде, мейлі, қай елде*
*Әлемнің мәні – Әйелде.*
*Шын мықты болсаң оныңды*
*Әйелге барып дәлелде!*

*Қай заманда да, қай халықта болмасын әйел адамның орны ерекше. Қазақ халқында әйел адамға өмірдің әні мен сәні, үйіміздің жылуы, ер адамдардың ақылшысы, балаларымыздың тәрбиешісі деп қараған. Әйел – ибалы қыз, инабатты келін, ана, әпке, апа, әже. Әйел адамға аса жауапты міндет жүктелген. Тоғыз ай он күн толғатып, тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібітіп адамзатқа өмір сыйлайды. Ата - бабаларымыз да әйел адамға ерекше құрмет көрсеткен. Ұрпақ тәрбиесіне әйел адам жауапты болған. «Баланың жақсы болуы нағашыдан» деген әдемі сөз бар. Оның түп-төркініне келер болсақ, ата-бабаларымыз аналарының, әйелдерінің шыққан тегіне, қадір-қасиетіне ерекше мән берген. Ол әйел адамның ұрпақ өрбітудегі орны жоғары әрі жауапты екенін білдіреді. Қазақ қоғамында да, асыл дінімізде де қыз баласын сыйлаған, құрмет көрсетіп, бәрінен биік қойған. Мысалы, қыз баланы үйінде қонақ деп төрге отырғызған, қызға қырық үйден тыю болған, Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.у) балаға Алла тағаланың берген сыйы деп қарап, ұлды артық көріп, қызды кемсітуге жол бермеген. Өйткені, қыз баланың жүрегі жұмсақ, жаны нәзік, ол ертеңгі біреудің қимас серігі, оң босағадағы қонақ деп түсіндірген. Сондай-ақ, көшпелі шаруашылықта киіз үйді тіккенде шаңырағын ер адамдар көтерсе, керегесін керетін, уығын шаншитын әйел адамдар болған.*

*Әйелдердің осындай артықшылықтарын көрген ерлер түрлі заңдар арқылы оларды қорғап отырған. Сондай-ақ, ақын-жазушыларымыз да әйел затын тілдеріне тиек етіп, ән, жыр, өлең, әңгімелерін арнаған. Мәселен: Дулат Исабековтің «Өкпек жолаушы» атты повесінде әйел затын танылмаған планетаға теңеп, дүниежүзінің ғалымдары бірігіп әлемнің құпияларын ашса да, ешқандай ғылымның, данышпанның әйел жанының құпиясын аша алмайтындығын айтқан. Қыз баланы болашақ жар, аяулы ана, ақ жаулықты әже деп жастайынан үй шаруасына, тігін тігу, құрақ құрау секілді шаруаларға баулып, адамгершілікке,әдеміліліккe, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке де тәрбиелеп отырған. «Алып анадан туады», - деген сөздің астында терең мағына жатыр. Ертедегі ел басқарған хандарымыз бен билеріміз, ер жүректі батырларымыз, ақын-жазушыларымыздың барлығы дерлік алтын құрсақты аналарымыздан туған. Балаларын данадай етіп өсірген, сондай ардақты аналарымызға кешегі тарихымыздағы Домалақ ана, Ұлжан, Ұмай, Зере аналарымыз, әулиелілігімен танылған Бегім ана, Шоқанның әжесі Айғаным анамыз бірден-бір мысал бола алады.*

*Сонау екінші дүниежүзілік соғыс заманында әйелдер түрлі шаруаларға араласып, экономика, өнеркәсіп, жеңіл өнеркәсіп т.б салаларын игере бастаған. Сол уақыттан бастап әйел адамдар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, әйел адамдарда «ер мен әйел тең құқылы» деген пікірлер қалыптаса бастады. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмыстарды әйел адамдар жасай беретін дәрежеге жетті. Қазіргі қоғамымызда да әйел адамдардың орны орасан зор. Әйел адамдарды басшы тұлғалар қатарынан, бизнесте, экономикада, саясатта басқа да кәсіп салаларында кездестіріп қалатынымыз рас. Олардың саны күн сайын артып келеді десек те, өтірік емес. Дегенмен, «Алтын басты әйелден, Бақа басты еркек артық», - демекші Алла тағала әйелді әйел, еркекті еркек қылып жаратқаннан кейін, әйел адамдар қанша жерден шаруа істеп, ер адамдармен тең құқылымыз десе де, ер адамдардан мықты емес. Қазақ қоғамындағы әйел заты ерін сыйлаған, ерінен бір саты төмен тұрған. Дегенмен, қазіргі таңда отбасына да, жұмысына да үлгеріп, отбасында аяулы жар, ардақты ана, үлгілі келін болып, жұмысында биік-биік белестерден көрініп, абыройлы басшы боп жүрген әйел адамдары қаншама. Десек те, әйел – биліктегі саясаткер емес, отбасындағы саясаткер болса қандай жақсы?!*




*Әйел қасиеті*

*Әйел – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, отбасының алтын діңгегі. Әйел жайында жырлаған қаншама ақын жазушылар,ғұламалар бар десеңізші.*

*Абай Құнанбаев «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан ғапыл қалма» деп кезінде ер азаматтарымызға кеңес берген болатын.Сол ақын атамыз жырлағандай:әйел мейірімді,әйелдей ешкім қамқоршы бола алмас.*

*Әйел ана! Осы бір екі ауыз сөзді естігенде бойыңызға жылу тарап, анаңыздың аялы алақаны есіңізге түсетініне күмәнім жоқ. Себебі бұл сөзбен небір нәзіктік, небір шексіз махаббат байланысып жатыр емес пе?! Шіркін, ананың жаманы болмайды ғой. Барлық ананың бойынан баласын кез-келгеннен қорғайтын батырлықты, қажырлықты, сондай-ақ таусылмайтын махаббат пен мейірімділікті көруге болады. Алайда ананың жүрегінің кеңдігі мені таң қалдырады. Жаратушы алақандай ғана жүрегіне сонша нәзіктікті, мейірімді, сүйіспеншілікті, шыдамдық пен сұлулықты қалай ғана сыйғызды екен?*

*Әйел бойында мынадай маңызды үш қасиет болу керек , олар – адалдық, нәзіктік пен мейірімділік.»Себебі ер адам өзінің жанында әрдайым адал, нәзік, сенімді және сұлу жандардың болуын қалайды», - деп ойлаймын.*

*«Бастысы, адалдық пен мейірімділік сонымен қатар қарапайым,ішкі дүниесі әдемі болуы керек шығар. Себебі, бұл өмірде бастысы адамның адамгершілігі, оның ішкі дүниесінің сұлулығы», болмақ. Бұл әйел үшін өте маңызды қасиеттер деп ойлаймын, себебі олар ошақ иесі болып табылады», - деген ойдамын.*

*«Әйелдерсіз өмір сүру мүмкін емес. Біздің барлығымызды әйел дүниеге әкелді. Олар біздер үшін қасиетті жандар», - деп айтамын.*

*Әйелге сенім артып, оның жанында өзіңді жайлы сезінген маңызды.*

*Әйел бір қолымен әлемді бір қолымен бесікті тербетуші жер бетіндегі ең қасиетті адам. Оның алақаны тікеннің өзін жұмсартып, асаудың өзін жуасытар құдіретке ие.*

*Тіршіліктің қайнар көзі,мейірімнің кәусар бұлағы-әйел есімінен қасиетті ештеңе жоқ.(Ағайын алтау,әйел біреу,әйелден артық дос бар ма?)-деп халық даналығы және сөз маржандары ойыңа оралады.*

*Біздің әйел-аналарымыздың бірінші кезекте отбасын бағалай білуі, адамгершілік қасиеттері өте маңызды.*

*Баланы тоғыз ай көтеріп,түн ұйқысын төрт бөліп,мұздай бесік таянған әйел ана перзенті үшін қайталанбас қасиетті тұлға. Олар үйдің ғана емес, түздің де адамы. Қандай жұмыс болса да, қандай қиындық болса да көтеруге дайын. Өйткені олардың жанын нәзік, жүрегін берік етіп жаратқан.*

*Бой жетіп, босаға өзгертіп, басынан қыз дәурені кеткеннен кейін ол қызметке тұрады, жұмысқа орналасады. Біраздан кейін балалы-шағалы болады. Одан соң қызмет, күйеу және баланың ғана қамын ойлап, бар жанын соларға салып, дедектейді де жүреді. Кешке, артынып-тартынып жұмыстан келе сала, білекті сыбанып жіберіп, үй ішіне ас әзірлейді. Мен осының бәрі әйел жүрегіндегі шексіз махаббатқа байланысты-ау деп ойлаймын.*

*Меніңше , әйел махаббаты -ең күшті махаббат. Еркектер әлімен күшті болса, әйелдер махаббатымен мықты. Әйел махаббаты әлемнің тұтқасы. Мен осылай деп түсінемін. Әйел махаббатының күші жердің тарту күшінен кем емес-ау деп ойлаймын.*

*Міне ки, әйел деген осындай ерекше еңбекші жұрт. Ол дүниеге өмір таратады, қоғам игілігіне еңбегімен үлес қосады, семьяға қуаныш әкеледі. Сол үшін ол қарлығаштай лыпып, ешқашан тыныш таппайды.*

*Қазақ халқымызда отбасым деп,бала-шаға деп,бүкіл өмірін сол жандарға арнаған әйелдеріміз арамызда баршылық.Өмірдің қиын кездерінде қаншама тауқымет көрсе де,өмірмен күресе білген қаншама әйелдеріміз де баршылық.Әсіресе соғыс жылдары,соғыстан кейінгі кездер елімізге оңай соқпады. Сұм соғыстың зардабы қаншама адамдарға,қаншама отбасына ауыр тиді. Ол кездерде еліміздің экономикалық хал-ахуалы,ел жағдайы тіптен қиын еді. Қара нанның қадірін біліп,әйел-ана,дос-жаран,ағайын-тума,туысқандар үшін жүрегі солар деп соғатын патриот әйел адамдар ол кездері көптеп кездесетін.Сонымен қатар өз мүддесінен гөрі елі,халқы үшін аянбай тер төгіп,еңбек еткендердің ішінде де әйелдер болды. Ауыр қара жұмыстардың да басы қасында әйелдер жүретін.Бидайды өгіз арбаға тиеп,қырманға апарып,пойызға арту саяси науқан ретінде аса жауапты жұмыстар болды. Еліміздің дамуына,халқымызға қалтқысыз қызмет еткен қаншама әйел-аналарымыз бар.*

*Әйел-аналарымызды кейінгі буын өкілдері,кейінгі жастарға ,яғни біздерге үлгі өнеге тұтуымыздың өзі бақыт емес пе?Мұндай әйел аналар қазіргі кезде көп кездесе бермейді.Маңдай терінің,еңбектің жемісін көріп отырған әйел аналарға ұзақ ғұмыр тілейміз.Осындай әйел-аналарымыз,аяулы жар,бақытты әже атанып отыр.*

*Ана – ардақтымыз*

*Жалпы ұлылардың ұлағаты, тағы¬лымды өсиеттерінен ана – қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірлік негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, ел тұтқасы екендігін тереңірек ұғы¬намыз. Әйел-ананың бейнесі қан¬дай бол-са, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді.*

*Ежелгі ана-әжелеріміз қазақтың ұлттық салт-дәстүрін берік ұстанған. Көлеңдеген шағи, шайы көйлектерін, қарапайым қатипа тірсек жең пешпетін киіп, жаңа жауған ақша қардай аппақ шұлауышын тартып, кестелі, оқалы кимешегін салынып, көксауырдан оюла¬ған, өкшесі ақ күмістен тіремелі көгала бас кебіс, былғарыдан мәсісін киетін. Өзінің аналық, әжелік сән-салтанатты ұнамды бейнесімен, көпке үлгі кейпімен жан біткенге мейірімді, жылы жүзімен ықыласы адамды өзіне баурап алатын.*

*«Ерін күткен әйелді ханым десе болады» дегендей үй иесі отағасының орны төрде. Астына екі қабаттап төсе¬ген қалың жылы, ақ-қара киізден ойыс¬тырып жасаған қарала сырмақтың үстінде малдас құрып қара да болса тағында отырған хан іспетті қастерлі, иығы көтеріңкі, ақ сақалы жайқалып, айбарлы ашаң жүзі жадырап ауыл-аймаққа, ағайын-туысқа әмірін жүр¬гізіп отыратын отағасының аузынан шыққан лебізін қарт ана баяғы жар сыйлаған дағдысымен елпең қағып алып ұшып тұра келіп айналасына жеткізетін. Өзі отағасының қабағын бағып, тас шайдан түйіп-түйіп, самауырға салып қайнатқан шайына қойдың қою сүтінің кілегейін қосып, қаймақ қатып, қалампыр сарымайдың иісін бұрқыратып қою күрең шайды әзірлейді. Жаңа сүзген жылы-жұмсақ ақ ірімшіктен жапырақтап турап, қызыл¬жарма құрттан жармалап, жаңа пісірген балқаймақтан – бәрінен шағын дөңгелек ағаш табағын толтырып шай¬тақ¬тайдың үстіне, отағасының алдына қояды. Шара¬дағы балқаймақты аузына тосып, қызыл күрең шайды самауыр боса¬ғанша тапжылмай құйып отырады.*

*Ана отағасының алдына бір ауыз көлденең тіл қатпай, ымының ығымен құрақ ұшып отырғанда ұл-қыздары, күйеубала-келіндері, ата-енесін өзі-нен-өзі одан сайын құрметтейді.*

*Білесіздер ме, дүниедегі ең сұлу кім? Дүниедегі ең сұлу – ол әйел, ол – ана! Неге? Әйел – бар мұратын отбасының игілігіне арнаған әлемдегі ең асыл, ең ізгі адам. Әйел – бар тілегін, арманын перзентінің жолына арнаған әлемдегі ең мейірімді жаратылыс. Әйел – бақытты некені ерінің талайынан күткен әлемдегі ең адал жан. Әйел – ұлттың ұйытқысы. Әйел – ұрпақтың анасы.*

*Даңқты батыр атамыз – Бауыржан Момышұлы «Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз – сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды» деген екен. Қандай тауып айтылған сөз!*

*Расында да, әйел – өмірдің мәні, әйел – тіршіліктің сәні, әйел – шаңырақтың ұйытқысы. Бір сөзбен айтқанда, әйелдің адамзат өміріндегі орны мен рөлі ерекше. Атам қазақ ықылым заманнан бері бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналарға ерекше құрмет көрсеткен. Қыздарын қадір тұтып, төрінен орын ұсынған. Қазақтың әйелдері де, қыздары да сондай құрметке лайық болғаны тарихтан мәлім. Сонау Тұмар анамыздан бастап кешегі Әлия мен Мәншүкке дейінгі аралықта даналығымен, ақылдылығымен, батырлығымен еліне, жеріне қорған болған бұрымдылар аз емес.*

*Ендеше, бүгін мақтасақ – барлығын жеңетін, тіршіліктің бұлағы Әйел-Ананы мақтайық. Оның алдында ажал да бас иегендіктен әйелді батыр деп дәріптейік. Ханды да, дананы да, батырды да өмірге әкелген әйелді – асыл жар деп ардақтайық. Бізге қажымас қайрат беретін – Әйел-Анаға бас иейік!*

*Айтыстың Асанқайғысы атанған ақын Жүрсін Ерман айтқандай «Қай жерде, мейлі, қай елде, әлемнің мәні – әйелде…».*

*Әйелдер мәңгі жасасын!*

**ЖШ АҚПАРАТ**



# ҚОШ КЕЛДІҢ РАМАЗАН!

***Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз.***

***Құрметті отандастар, қадірлі жамағат!***

Әуелі баршаңызды келе жатқан қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймыз! Рамазан айы мүбәрак болсын. Жаратқан Алла Тағала ниеттеріңізді, дұғалетілектеріңізді қабыл етсін!

Рамазан айы – күллі мұсылман әлемі үшін қасиетті де берекелі ай. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл ай кіргенде адамдарды былай деп сүйіншілейтін болған: «Сендерге Рамазан айы келді, бұл берекеге толы ай. Алла осы айда оразасын парыз етті. Бұл айда жәннат есіктері айқара ашылып, тозақ есіктері жабылады».

Ата-бабаларымыз да бұл ай кірісімен бір-бірлерін құттықтап, балалар үйүйді сүйіншілеп: «Мұхаммед үмбетіне айтқан жарапазан, оразаң қабыл болсын ұстаған жан!» – деп, жарапазан айтатын.

Бұл айда адамзат баласын тура жолға, білімділік пен бейбітшілікке үндеген Қасиетті Құранның алғашқы аяттары түскен. Бұл қасиетті айды күллі мұсылман жұртшылығы сағынып, ерекше қадірлеп, асыға күтіп алады. Алла Тағаланың әміріне бас иіп, ораза ұстап, мұқтаждарға жәрдемдесіп, тағат-құлшылықтар жасап, жан дүниесі рухани демалады.

Қасиетті Рамазан айын лайықты түрде өткізуіміз үшін Рамазан айының мынадай рухани қадір-қасиеті мен оның мән-маңызын білуіміз қажет.

Бірінші, Рамазан айында риясыз ораза ұстау

Рамазан айының негізгі ерекшелігі, бұл айда денсаулығы жарамды, балиғатқа толған, ақыл есі сау, сапарда болмаған әрбір мұсылманға ораза ұстау парыз етілді. Оразаның негізгі рухы да осы ораза ұстауда. Алла Тағала Қасиетті Құран Кәрімнің «Бақара» сүресі, 183-аятында:

«Уа, иман келтіргендер! Тақуалық етерсіңдер деп сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді», – деп айтқан.

Олай болса, қасиетті Рамазан айында ораза ұстау арқылы пенденің тақуалығы арта түседі. Ораза ұстау кезіндегі ниеттің, атқарылатын ізгі амалдардың, көркем мінездің барлығының да мақсаты тақуалыққа қол жеткізу болып табылады. Бұлайша тақуалыққа қол жеткізген адам, Рамазан айының берекетін сезініп, Жаратушының кешіріміне ие болып, мол сауаптарға кенеледі. Өйткені, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Кімде-кім Рамазанда иманмен және сауабынан үміт етіп, ораза ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деп айтқан.

Құдси хадисте Алла Тағала:

«Адам баласы оразадан басқа кез келген ісін өзі үшін орындайды, ал ораза – Мен үшін және оның сауабын Өзім беремін», – дейді.

Сонымен қатар ораза ұстаудың сауабы тек бұл дүниеде ғана емес, о дүниеде де беріледі. Хадисте айтылғандай, ораза ұстаған пенделерді жәннат қақпаларының бірі «Райян» қақпасынан шақырады. Осылайша несібесі беріледі.



Екінші, Рамазан айында намаз оқу

Қасиетті Рамазан айында мұсылман адам күнделікті парыз етілген бес уақыт намаздан бөлек нәпіл намаздарды атқаруға ерекше ден қоюы қажет. Әсіресе, Рамазан айының түндерін намазбен өткізу жай түндері оқылатын намаздан сауабы мен дәрежесі тұрғысынан көп есе артық. Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Кім рамазанды иманмен және сауабын үміт етіп, түнгі намазбен өткізсе, өткен күнәлары кешіріледі», – деп айтқан (имам Бұхари, Мүслим).

Рамазан айында құптан намазынан кейін тарауық намазын оқу – бекітілген сүннет. Ибн Аббас (Алла оған разы болсын): «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) рамазан айында жеке өзі жиырма рәкағат (тарауық) және үтір намазын оқитын», – деген (имам Байһақи).

Ибн Аббастан жеткен тағы бір риуаятта Хазіреті Омар (Алла оған разы болсын) Рамазан айында адамдарға Әбу ибн Кағбті имам етіп, ол жиырма рәкағат нәпіл және үш рәкағат үтір оқитындығын жеткізген[1]. Хазіреті Алидің заманында да (Алла оған разы болсын) Рамазан айында адамдар имамға ұйып, жиырма рәкағат оқитын[2]. Тарауық намазының жиырма рәкағатпен жамағатпен оқылуы әділетті халифалар заманында бекіп, бүгінге дейін сүннет болып жалғасуда.

Имам Ән-Нахаи (Алла оны рақымына алсын): «Рамазан айындағы бір күндік ораза басқа мың күннен артық, осы айдағы әрбір зікір мың зікірден артық, осы айда оқылған бір рәкағат намаз басқа уақытта оқылған мың рәкағаттан артық», – деген[3].

Үшінші, Рамазан айы – Құран айы

Рамазан айы Қасиетті Құранмен тығыз байланысты. Өйткені Құран Кәрім осы айда түскендіктен, оразаны да осы айда ұстау парыз етілді. «Бақара» сүресінің, 185-ші аятында:

«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол нұсқаушы және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді», – деп айтылған.

Осы себепті Рамазан айын – «Құран айы» деп атаймыз. Бұрынғы өткен ғұламаларымыз осы айда Құран оқуға ерекше көңіл бөлуге тырысатын.

Бір кісі имам Әз-Зуһриден (Алла оны рақымына алсын) «Рамазан айында қандай істерді жасаған абзал болады?» – деп сұрағанда, ол кісі: «Құран оқу және міскіндерді тойдыру», – деп жауап берген екен.

Ендеше, біз де Рамазан айында қасиетті Құранға лайықты түрде көңіл бөліп, оны оқып, үйренуге тырысқанымыз жөн.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза және Құран екеуі қияметте пенде үшін шапағат етеді. Сол күні ораза Алла Тағалаға: «Уа, Раббым! Мен бұл пендеңді күндіз жейтін асы мен шаһуатынан тыйдым. Бүгін менің оған шапағат етуіме рұқсат еткейсің», – дейді. Ал қасиетті Құран: «Уа, Раббым! Мен бұл пендеңді түндері ұйқысынан ажыратқан едім. Бүгін менің оған шапағат етуіме рұқсат еткейсің», – дейді. Алла Тағала ол екеуіне шапағат құқығын беріп, олар шапағат етеді», – деген (имам Ахмад). Келесі хадисте: «Құран оқыңыздар. Өйткені Құран қиямет күні өзін оқығанға шапағат етеді», – деген.

Сондай-ақ қасиетті Құранның әрбір әрпі Рамазан айында еселеген сауапқа кенелтеді. Құран жүрегімізге нұр, дүниемізге береке, ақыретімізге шапағат етеді.

Құранды оқи алмаған адам ең болмағанда назар салып, қарайтын болса, құлшылық сауабын алады.

Аллаға шүкір, мешіттерімізде Құран үйрететін ақысыз курстарымыз бар. Құран Кәрімді хатым етіп оқуды да қолға алып отырмыз. Сондықтан Құран оқуға назар салып, мешіттерде имамдарға ілесе отырып, хатым оқуға мүмкіншілік бар.

Төртінші, Рамазан – дұға айы

Рамазан айының ерекше қадірқасиеттерінің бірі – Алла Тағала бұл айда біздің дұғаларымызды қабыл етеді. Қасиетті Құранның «Бақара» сүресіндегі Рамазан оразасының парыз етілгендігі, бұл айда қасиетті Құран түсірілгендігі хабар етілгеннен кейін, келесі аятта Алла Тағала:

«Егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: Мен оларға өте жақынмын, қашан менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін», – деген («Бақара» сүресі, 186-аят).

Ибн Кәсир (Алла оны рақымына алсын): «Бұл дұға етуге шақырған аяттың оразаның үкімдерімен бірге келуі, сол оразаның белгілі күндері толғанда және әрбір ауызашар алдында дұға етуге тырысу қажеттілігін білдіріп тұр», – деген.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Расында, ораза ұстаушының ауызашар алдындағы сұраған дұғасы кері қайтарылмайды», – деп айтқан.

Осы хадисті жеткізуші Абдулла ибн Әмр (Алла оған разы болсын) ауызашар уақытында қасына өзінің отбасы мүшелерін жинап, Алла Тағаладан тілек тілеп, дұға ететін болған екен.

Ендеше, біз де осы қасиетті айда отбасы мүшелерімізбен Алла Тағаладан көбірек дұға сұрап, өзіміз үшін, халқымыз үшін, Отанымыз үшін, сондай-ақ айналамыздағы адамдар үшін де тілек тілеп, жалбарынуға ден қоюымыз керек. Өйткені бұл айда барлық дұғалар қабыл болады.

Бесінші, Рамазан – мейірім айы

Рамазан – Алла Тағаланың мейірімі түсетін ай. Бұл айда түсірілген Қасиетті Құран адамдарға мейіріммен түскен. Ол турасында «Жүніс» сүресінің 57-аятында:

«Уа, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректеріңе шипа, сенушілер үшін тура жол және мейірім түрінде (Құран) келді», – деп айтылған.

Алла Тағаланың мейірімі түсетін мұндай қасиетті айда адамдар да өзара бір-біріне мейірімді болуы қажет. Хадисте:

«Адамдарға мейірімділік танытпағанға, Алла Тағала да мейірімділік етпейді», – деп айтылған (имам Бұхари, Мүслим).

Рамазан айында адамдарға мейірімділік таныту дегеніміз қарым-қатынас жасағанда көркем мінезді болу, қателіктерін кешіре білу, жомарттық жасап, мұқтаж жандарға көмектесу, садақа беру, өзге ораза ұстаушыларға ауызашар беру сынды ізгі істер жасау. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде: «Кімде-кім аузы берік болса, жаман сөз сөйлемесін. Дауыс көтеріп, айқай шығармасын. Біреу оған тіл тигізсе немесе онымен керіскісі келсе оған: «Мен оразамын» десін», – деп өсиет ету арқылы біздерге өзгелермен мейірімділіктің аясында қарым-қатынаста болуға шақырған.

Құрметті жамағат!

Міне қасиетті де берекелі Рамазан айы есігімізді қаққалы тұр. Жоғарыда айтқанымыздай Рамазан сауабы мол ай. Бұл айдың әрбір уақытын, әр сәтін бос жіберіп алмауға тырысып, оны түрлі құлшылықпен, ізгі амалдармен өткізуге тырысқанымыз жөн. Сонда ғана қасиетті ай біздер үшін бір айлық рухани мектепке айналады. Рамазан айы – біздерге жылына бір мәрте келіп-кететін қонақ іспеттес. Егер де біз оған лайықты құрмет көрсете алсақ, өзімен бірге қаншама ырыс-берекет қалдырып, қиямет күні өзімізді де құрметтілер қатарында болуымызға себепші болады.

Қасиетті Рамазан айының адамзатқа берер сауабы мен пайдасы аса мол. Бұл уақытта мұсылмандар отыз күн ораза ұстап, Алладан қалағанын сұрайды. Алайда, Рамазан айының өзге айлардан ерекшелігі оразамен ғана шектелмейді. Қасиетті айдың көпшілік біле бермейтін 10 артықшылығы. Рамазан айының әуелгі түнінің артықшылығы. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бұл туралы: «Рамазан айының әуелгі түні келісімен жындардың бұзақылары мен шайтандар кісенделеді. Тозақ есіктері жабылып, оның ешбірі ашылмайды. Жәннат есіктері ашылып, оның ешбірі жабылмайды. Әр түні шақырушы (періште): «Әй, жақсылық іздеуші, қабыл ал! Әй, жамандық көздеуші, пейіліңнен қайт!» – дейді. Онда Алланың тозақтан босататындары болады. Әрі бұл (Рамазан бойы) әр түнде орын алады» – дейді. 2. Рамазан айында жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады. Бұған қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Бұл келген Рамазан айы, онда жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді», – деген. 3. Рамазанның оразасы – шайтанды кісендейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) тағы бір сөзінде: «Егер Рамазан айы келсе, жәннат есіктері ашылып, жәһаннам есіктері жабылып, шайтандар кісенделеді» , – дейді. Бұл хадисті ашықтаған имам Нәуауи (р.а) кітабында Қазы Иядтың (р.а) мына сөзін келтірді: «Бұл хадистың мағынасын (оразаның әсерінен) мол сауап пен көп кешірім болатыны себепті шайтандар адамдарға азғырулары мен зияндарын келтіре алмайтындығы деп түсінуге де болады. Себебі, бұл уақытта шарасыз қалған шайтандар кісенделгендей күй кешеді. Олар адамдардың бірін азғырса, бірін азғыра алмайды алмайды, әрі бір нәрседе зиян тигізсе, бірінде тигізе алмайды». 4. Рамазан айының оразасы күнәларды жуып-шаяды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтады: «Күнделікті орындалған бес уақыт намаз, әрбір жұма намазына қатысу, Рамазан сайын ұсталған ораза, осы аралықта, үлкен күнәдан басқа жасалған кіші күнәлардың бәрінің кешірілуіне себеп болады». Имам Мунауи бұл хадисті ашықтай келе: «Бес уақыт намаз, жұма намаз, Рамазан барша күнәларды жуып-шаяды. Тек үлкен күнәларды кетіре алмайды, себебі оларды жағдайы басқа» , – дейді. 5. Рамазанда жасалған кіші қажылықтың сауабы еселене түспек. Ибн Аббас (р.а) жеткізген хадисте Пайғамбар (с.ғ.с): «Рамазанда жасалған кіші қажылық үлкен қажылыққа тең келеді» , – деген. Ғалымдар мұндағы «тең келуді» сауабы тұрғысынан деп ашықтаған. 6. Бұл айда Құран түскен. Алла Тағала Құранда айтады: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді». Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар». Имам Ибн Кәсир бұл аятты тәпсірлеп: «Алла Тағала бұл аятта Рамазан айын мақтап тұр. Себебі барлық айлардың ішінен Құранды түсіру үшін ораза айын таңдаған. Сонымен қатар, барша илаһи кітаптар Рамазан айында түскені туралы деректер де келтірілген» , – деген. Осы үшін де мұсылман жұртшылығы Құран айында көп Құран оқуды әдетке айналдырған. Рамазан – Құран айы. 7. Бұл айда қасиетті Қадір түні бар. Алла Тағала бұл кешке толық бір сүреңі арнаған. Онда: «Қадір түні мың айдан артық» , – деген. Имам Құртуби осы аятты тәпсірлеп: «Артықшылығымен, ұлықтығымен артық. Бұл түнде көптеген артықшылықтар бар. Бұл түнге мың жылға шаққанда топталмайтын жақсылық үлестірілген» , – деген. 8. Бұл айда тарауық намазы оқылады. Бұл айда мұсылман қауымы бір ай бойы Пайғамбар ( с.ғ.с) сүннетін жандандырып, тарауық намазын оқиды. Ол намазды мешітте жамағатпен оқып, бір-бірімен бауырластығын артырып, мешітті намазбен тірілтеді. 9. Иғтикаф. Рамазан айының соңында иғтикаф жасау – сүннет амал. Айша анамыз (р.а) : «Пайғамбар (с.ғ.с) қайтыс болғанға дейін Рамазанның соңғы он күнінде иғтикаф жасайтын. Кейіннен жұбайлары иғтикаф жасады» , – деген. Имам Абу Дәуід иғтикафтың хикметін «асқазан мен жүректі артық нәрселерден босатып, жекеше қалып Аллаға қарай беттеу» деп түсіндірген екен. 10. Рамазан – жомарттық пен Құран оқу айы. Ибн Аббас (р.а) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) Рамазандағы халін сипаттап: «Алла елшісі (с.ғ.с) адамдар арасында ең жомарт жан болатын. Рамазан айы туып, Жәбірейіл (ғ.с) періштеміен жиі жолыққанда, одан өткен мәрт адам болмайтын. Жәбірейіл періште Рамазан айының әр түнінде Пайғамбарымызға (с.ғ.с) келіп, екеуі бірге Құран оқитын. Алла елшісі (с.ғ.с) Жәбірейіл (ғ.с) періштемен жолыққан кездерінде жер бетіне береке әкелетін желден де жомарт болып кететін еді» , – деген. Қасиетті Рамазан айында жасалған әрбір амалдың сауаптары еселене түседі. Имам Тирмизидің хадис жинағында: «Ең жақсы садақа – Рамазанда жасалған садақа», – деген хадис келтірілген. Оған қоса, ораза ұстаған, намаз оқитын немесе зікір жасаушы адам бұл уақытта көмекке барынша асығу керек. Өйткені, игілік үшін жасалған әрбір жәрдем сол игіліктің өзіндей бағалана түседі. Қасиетті айда айда Алла Тағала жомарттық жасап, құлдарына мейірімін төгеді. Көпшілікке кешірім жасап, тозақтан шығарады. Әсіресе, қадір түнінде көп нәрсе кешіріледі.

Ендеше, Алла Тағала біздердің оразаларымызды қабыл етсін! Қасиетті айдағы әрбір игі істерімізге сауабын еселеп берілуін нәсіп етіп, еліміздің берекетін дарытсын. Жаратушы Иеміз халқымызды жамандықтан сақтап, оразадан оразаға, айдан айға, жылдан жылға есендікпен жеткізе берсін! Әмин!

**ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімі**




| РАМАЗАН АЙЫ | АПТА КҮНДЕРІ | НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР | ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты) | КҮННІҢ ШЫҒУЫ | БЕСІН | ЕКІНТІ | АҚШАМ (ауызашар уақыты) | ҚҰПТАН |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсенбі | 11 Наурыз | 04:46 | 06:03 | 11:59 | 16:01 | 17:51 | 19:08 |
| 2 | Сейсенбі | 12 Наурыз | 04:44 | 06:01 | 11:59 | 16:03 | 17:53 | 19:09 |
| 3 | Сәрсенбі | 13 Наурыз | 04:42 | 05:59 | 11:59 | 16:04 | 17:54 | 19:11 |
| 4 | Бейсенбі | 14 Наурыз | 04:40 | 05:58 | 11:59 | 16:05 | 17:55 | 19:12 |
| 5 | Жұма | 15 Наурыз | 04:38 | 05:56 | 11:58 | 16:06 | 17:57 | 19:13 |
| 6 | Сенбі | 16 Наурыз | 04:36 | 05:54 | 11:58 | 16:07 | 17:58 | 19:15 |
| 7 | Жексенбі | 17 Наурыз | 04:34 | 05:52 | 11:58 | 16:08 | 17:59 | 19:16 |
| 8 | Дүйсенбі | 18 Наурыз | 04:32 | 05:50 | 11:57 | 16:09 | 18:01 | 19:18 |
| 9 | Сейсенбі | 19 Наурыз | 04:30 | 05:48 | 11:57 | 16:10 | 18:02 | 19:19 |
| 10 | Сәрсенбі | 20 Наурыз | 04:28 | 05:46 | 11:57 | 16:11 | 18:03 | 19:20 |
| 11 | Бейсенбі | 21 Наурыз | 04:26 | 05:44 | 11:57 | 16:12 | 18:04 | 19:22 |
| 12 | Жұма | 22 Наурыз | 04:24 | 05:43 | 11:56 | 16:13 | 18:06 | 19:23 |
| 13 | Сенбі | 23 Наурыз | 04:22 | 05:41 | 11:56 | 16:14 | 18:07 | 19:25 |
| 14 | Жексенбі | 24 Наурыз | 04:20 | 05:39 | 11:56 | 16:15 | 18:08 | 19:26 |
| 15 | Дүйсенбі | 25 Наурыз | 04:18 | 05:37 | 11:55 | 16:16 | 18:10 | 19:28 |
| 16 | Сейсенбі | 26 Наурыз | 04:16 | 05:35 | 11:55 | 16:17 | 18:11 | 19:29 |
| 17 | Сәрсенбі | 27 Наурыз | 04:14 | 05:33 | 11:55 | 16:18 | 18:12 | 19:30 |
| 18 | Бейсенбі | 28 Наурыз | 04:12 | 05:31 | 11:54 | 16:19 | 18:13 | 19:32 |
| 19 | Жұма | 29 Наурыз | 04:10 | 05:29 | 11:54 | 16:19 | 18:15 | 19:33 |
| 20 | Сенбі | 30 Наурыз | 04:08 | 05:28 | 11:54 | 16:20 | 18:16 | 19:35 |
| 21 | Жексенбі | 31 Наурыз | 04:06 | 05:26 | 11:54 | 16:21 | 18:17 | 19:36 |
| 22 | Дүйсенбі | 1 Сәуір | 04:04 | 05:24 | 11:53 | 16:22 | 18:18 | 19:38 |
| 23 | Сейсенбі | 2 Сәуір | 04:02 | 05:22 | 11:53 | 16:23 | 18:20 | 19:39 |
| 24 | Сәрсенбі | 3 Сәуір | 04:00 | 05:20 | 11:53 | 16:24 | 18:21 | 19:41 |
| 25 | Бейсенбі | 4 Сәуір | 03:57 | 05:18 | 11:52 | 16:25 | 18:22 | 19:42 |
| 26 | Жұма | 5 Сәуір | 03:55 | 05:16 | 11:52 | 16:26 | 18:24 | 19:44 |
| 27 | Сенбі | 6 Сәуір | 03:53 | 05:15 | 11:52 | 16:27 | 18:25 | 19:45 |
| 28 | Жексенбі | 7 Сәуір | 03:51 | 05:13 | 11:52 | 16:27 | 18:26 | 19:47 |
| 29 | Дүйсенбі | 8 Сәуір | 03:49 | 05:11 | 11:51 | 16:28 | 18:27 | 19:48 |
| 30 | Сейсенбі | 9 Сәуір | 03:47 | 05:09 | 11:51 | 16:29 | 18:29 | 19:50 |

**Ораза ниеті:** Алла тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім

**Ауыз ашар дұғасы:** Я Алла тағала! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім.Саған тәуекел еттім.Сенің берген ризығыңмен ауыз аштым. Я кешірімді Алла ! Менің ілгері және кейінгі күнәларымды кешір.

# ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

***Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:***

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланғанан соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 8-сәуірден 26-сәуірге дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 26-сәуір айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 29-сәуір айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 6, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «

жылғы __________»_____ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне (72836) 3-17-68 телефон арқылы хабарласуға болады.( мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 20 кабинет.)

**Ескелді ауданының**
**ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі**

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

***Ескельдинский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Жетісу шұғыласы» и интернет-ресурсе Акимата Ескельдинского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.***

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 8 апреля по 26 апреля, по адресу: (040500 область Жетісу , Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67), в кабинете №5 Акимата Ескельдинского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 26 апреля 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 29 апреля 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67) в большом зале районного акимата.Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» _______ года» (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните в отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района тел: 8 (72836) 3-17-68 (адрес: Ескельдинский район, с.Карабулак , ул.Сәтпаева № 65 3 этаж, кабинет №20.)

**Отдел сельского хозяйства и земельных**
**отношений Ескельдинского района**

# ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ, ВЫСТАВЛЯЕМЫХ НА КОНКУРС

| Лоты № | Местоположение земельного участка (сельский округ) | Площадь га. | Вид угодья земельного участка | Качественные харакеристики почвы | Баллы бонитета | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона | Срок аренды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 2 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 3 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 4 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 5 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 6 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 7 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 8 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 9 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 10 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 11 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 12 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 13 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 14 | Акынсаринский с/о | 17 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 15 | Акынсаринский с/о | 16,5 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 16 | Акынсаринский с/о | 13,3 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| | Всего | 241,8 | | | | | | |

**Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама); - Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама); - Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министерлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған. Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.
Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Талғат ӘСКЕРБЕКҰЛЫ**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің**
**Жетісу облысы бойынша**
**Сарқан және Алакөл**
**аудандарының аға прокуроры**

# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

*Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 26 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 2871 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 0,91 % құрайды.*

26 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдыкорган қаласы-17, Алакөл – 5, Ескелді – 2, Панфилов – 1, Сарканский - 1. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады. Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоңырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере бастады.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді. 2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Дарын ҚАНАТҰЛЫ**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің**
**Жетісу облысы бойынша**
**Департаментінің қылмыстық саладағы**
**құқықтық ақпаратты**
**қалыптастыру прокуроры**

# О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ



*Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.*

*Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.*

*Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.*

*Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.*

*Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.*

*Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.*

*Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.*

*Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.*

**А Жаксылыков,**
**Старший прокурор по надзору**
**за законностью в сфере**
**правовой статистики и**
**специальных учетов**
**по городу Текели, Ескельдинскому и Коксускому районам**

# 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІ



*8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында аудан әкімі Елдос Ахметов және аудандық маслихат төрағасы Қанат Сатановпен бірге, ауданымыздың түрлі салада қызмет етіп, әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосқан қарт әжелеріміздің қара шаңырағына арнайы барып құттықтады.*

*Қазыналы, нәзік жанды аналарымызды мейраммен құттықтап, ыстық лебізін білдірген аудан басшылары аналарға сыйлығын табыстады. «Жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен әрленеді десек, жылына бір тойланатын мерекедеолардың еңбектерін бағалап, сый құрмет көрсету парызымыз. Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер.*

*Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге ырыс-құт дарысын. Әрқашан, шаңырақтарыңыздың берекесі болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Жанұяңызға береке, бірлік тілейміз!» - деген аудан әкімі қарт аналармен әңгімелесіп, естелік суретке түсті.*



# ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!!! СҮЙКІМДІ ӘЙЕЛДЕР!!!




*Сіздерді көктемнің ең әдемі және жарқын мерекесі — 8 наурыз күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Табиғат әйелдерге теңдесі жоқ сұлулық пен сарқылмас қуат, рухани нәзіктік пен риясыз адалдықты, өмірлік даналық пен таңғажайып шыдамдылық сыйлады.*

*Сіз әрқашан жас әрі әдемі болып қала отырып, отбасылық ошақты сақтайсыз, балаларды тәрбиелейсіз, кәсіби және қоғамдық қызметте жетістікке жетесіз.*

*Осы көктемгі күнде сіздерге күлімсіреу, тамаша мерекелік көңіл-күй, отбасылық бақыт, бақ-береке, өзіңізге және жақындарыңызға денсаулық тілейміз!*

*Әрқашан сүйкімді, әйелдік және сүйікті болыңыз!*

**Құрметпен білім беру кәсіподағының филиалы,**
**Аудандық білім бөлімі**

# УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!!! МИЛЫЕ ЖЕНЩИНЫ!!!




*Поздравляем Вас с Международным Женским Днем 8 Марта! Желаем Вам вечной красоты, нежности и огромной любви! Пусть у вас сбываются мечты, а каждый новый день приносит только радость и улыбки! Благодарим Вас за активную, слаженную работу и высокий профессионализм! Пусть добро, подаренное вами, всегда возвращается к Вам тысячекратно! Пусть радостью и счастьем будут наполнены ваши дома, пусть мир и благополучие всегда живут в ваших семьях!*

**С уважением филиал профсоюза образования,**
**Районный отдел образования**

# БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ









*ШЖҚ «Ескелді аудандық ауруханасы» МКК-да балалармен және олардың заңды өкілдерімен профилактикалық, консультативтік-кеңес жұмыстарын жүргізу мақсатында емханада балаларды дамыту кабинеті және Ресурстық орталық жұмыс істейді. Бұл кабинетте мейірбике маманы келесі әрекеттерді орындайды:*

*1. Сөйлеуді дамыту үшін ойынның, оқудың, қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіре отырып, ана мен олардың отбасына жас балаларды күту және тәрбиелік дағдыларын қалыптастыру бойынша кеңес беру;*

*2. Жүкті немесе бала емізетін ананы дұрыс тамақтану, отбасын жоспарлау, жұқтілік және емшек сүтімен қамтамасыз ету туралы ақпараттандыру;*

*3. Баланың заңды өкілдеріне тамақтануды уақтылы енгізу, қосымша тағамдарды қабылдау және оларды іс жүзінде дайындау дағдыларын үйрету. Санитарлық қауіпсіздік нормалары мен энергия қажеттіліктерін есепке алу;*

*4. Ата-аналарға балалар үшін қауіпсіз орта құру, түрлі жарақаттардың, уланулардың және жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын түсіндіру;*

*5.Баланың психомоторлы және сөйлеу дамуын бақылау және анықталған проблемалар бойынша ата-аналарға кеңес беру.*

*Балаларды дамыту кабинетінде сабақтар күн сайын, ал Ресурстық орталықта аптасында бір рет өткізіледі.*

*Барлық аналарды сабаққа шақырамыз.*

# БЛАГОДАРНОСТЬ

*Хочу выразить благодарность старшему лейтенанту полиции Сейтжанулы Данияру за оказанное содействие в решении проблем и за добросовестное исполнение служебных обязанностей.*

*Желаю стать крепче духом, обрести новые силы. Желаю построить грандиозные планы и непременно воплотить их в жизнь.*

**В И МАКШАНОВА**




## HABARLANDYRU

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті РММ Қарабұлақ ауылындағы сарқынды суларды бұру жөніндегі қызметтерге тариф пен тарифтік сметаны бекітті, 2024 жылғы 01 сәуірден бастап қолданысқа енгізіле отырып:**

**29.02.2024 жылғы № 14-НҚ бұйрығымен: Қарабұлақ кенті**

| Су құрылғысын қосқанда 1м3/теңгеге тариф ҚҚС-сыз | Бір адамға төлем, айына теңге - есептеу құрал болмаған кезде ҚҚС-сыз |
|---|---|
| Халық – 61,02 | 335,00 |
| Бюджеттік ұйымдар – 165,83 | |
| Басқа тұтынушылар – 89,00 | |

**Ескелді ауданы әкімдігінің**
**«Ескелді су құбыры» ШЖҚ МКК**

***

**РГУ Департаментом Комитета по регулированию естественных монополий по области Жетісу Министерства национальной экономики Республики Казахстан утвержден тариф и тарифная смета на услуги по отводу сточных вод в селе Карабулак с вводом в действие с 01 апреля 2024 года:**

**1.Приказом за № 14-ОД от 29.02.2024 года: с.КАРАБУЛАК**

| Тариф за 1м3/ тенге с учетом прибора воды без учета НДС | Плата с одного человека, тенге в месяц - без прибора учета воды без учета НДС |
|---|---|
| Население - 61,02 | 335,00 |
| Бюджетные организации – 165,83 | |
| Прочие потребители – 89,00 | |

**ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» акимата Ескельдинского района**

***

*Открылось наследственное дело на имя гражданки Воробей Матрена Григорьевна наследников просим обратиться к с.Карабулак, ул Оразбекова 25,офис 34. Тел.номер-87714565740*

*Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!*

*Наш ИНДЕКС:*

*Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535*

*Сумма подписки:*

*Физ.лицо:*

*6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг*

*Юр.лицо:*

*6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг*

*ПОДПИШИСЬ НА НАС!*

*Подписчикам при публикации предоставляются скидки!*

*Наш электронный адрес:*

*eskeldi_eli@mail.ru*

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1350
Тираж 1350
Тапсырыс 233
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка
Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ